

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ТАРИХ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ИНСТИТУТЫ
САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ПӘНДЕР
КАФЕДРАСЫ



БЕКІТЕМІН

Тарих және құқық
институтының директоры
Б.С.Жұмағұлов
« 25 » 05 2018 ж.

«6D050200 – САЯСАТТАНУ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША
ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2018

Қабылдау емтиханының бағдарламасы:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі «Білім туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылдың 17 маусымындағы № 261 бұйрығымен бекітілген магистратура мен докторантураға қатысты «Қазақстан Республикасындағы жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарты»;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 19 қаңтарындағы № 109 қаулысымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгі ережесі»;
- ҚР БЖҒМ 2013 ж. 10 сәуіріндегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» №158 бұйрығымен бекітілген «6D050200 – Саясаттану» мамандығының үлгілік оқу жоспары негізінде даярланды.

Құрастырушы: с.ғ.д., доцент _____ А.Ж.Мұқажанова

Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының мәжілісінде талқыланып, қабылданды: № 10 хаттама, «22» мамыр 2018 ж.

Кафедра меңгерушісі: _____ Р.Б.Әбсаттаров

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Тарих және құқық институтының Ғылыми кеңесінде бекітілді: № 10 хаттама, «25» мамыр 2018 ж.

Мамандыққа кіріспе

Бағдарлама саясаттану бойынша PhD докторантурасына түсу үшін емтиханға дайындалуға арналған және онда ізденушілердің саяси ғылым негіздерінің магистрлік бағдарламасы көлемінде саясаттану курсымен таныс болуы ескерілген. Бағдарламада қазіргі кездегі саясаттанудың негізгі түбегейлі мәселелері қамтылған: саяси және билік қатынастарының ерекшеліктері, саяси субъектілердің және биліктің негізгі әлеуметтік ұстанушыларының сипаттамасы, саяси және партиялық жүйелердің типологиясы және т. б.

Қабылдау емтиханының сипаты (тақырыбы, өткізу түрлері, баға көрсеткіші)

Емтихан тақырыбы

Негізгі тақырып саясаттанудың түйінді мәселерін қамтиды: мемлекеттік саясат және басқару, салыстырмалы саясаттану, әлеуметтік саясаттану, саяси психология, Қазақстандағы саяси қатынастар және саяси үдеріс, саяси қақтығыстар, этносаясаттану, саяси консалтинг, саяси менеджмент, саяси талдау және болжамдау.

Емтихан өткізу түрі

Қабылдау емтиханы саяси ғылымның түйінді мәселелері бойынша үш сұрақтан тұратын емтихан билеттері бойынша ауызша сұрау түрінде өтеді.

Баға көрсеткіші

«Өте жақсы» деген баға(10-8 бал) – барлық бағдарламалық материалдарды терең білу, қарастырылатын құбылыстар мен үдерістердің мәні мен өзара байланысын түсіну, өзара байланысты пәндердің негізгі түсініктерін терең білу, емтихан билетінің барлық сұрақтары мен емтихан комиссиясы мүшелерінің қосымша сұрақтарына логикалық тұрғыда дұрыс, толық және нақты жауап беру.

«Жақсы» деген баға (7-6 бал) – барлық бағдарламалық материалдарды әжептәуір толық білу, қарастырылатын құбылыстар мен үдерістердің мәні мен өзара байланысын түсіну, сұрақтардың кейбір, жеке аспектілері бойынша ескертулерді еркін жоя отырып, берілген сұрақтарға дұрыс, дәйекті және нақты жауап беру.

«Қанағаттарлық» деген баға(5-4 бал) – бағдарламаның негізгі сұрақтарын терең білу және түсіну, берілген сұрақтарға көп қателеспей, емтихан алушылардың жетелеуші сұрақтарына қатесіз, мүдірмей жауап беру.

«Өте жаман» баға (3-1 бал) – негізгі сұрақтардың ең болмаса біреуіне дұрыс жауап бермеу, жауапта өріскел қате жіберу, талданып отырған мәселенің мәнін түсінбеу, қосымша сұрақтарға тыңғылықты және нақты жауап бермеу.

Бағдарламаның мазмұны

1 бөлім. Саясат және билік

1 тақырып. Саясат және қоғам.

Саясаттың мәні: анықтаманың түрлері. Саясаттың экономикалық, әлеуметтік, стратификациялық, құқықтық және этикалық дефиницалары. Саясаттың субстанционалды анықтамалары. Саясат билік қатынастарының саласы ретінде. Саясатты «қақтығыс-консенсус» жүйесішеңберінде қарастыру. Саясат үдеріс ретінде. Қоғам өмірінің жеке салаларының өзара әсері мен өзара тәуелділігі. Саясат және экономика. Саясат және мәдениет. Саясат және мораль. Саясат шекарасының жылжымалылығы.

2 тақырып. Саяси ойдың қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері. Саясаттанудың пәні мен құрылымы.

Антикалық саяси ой классиктері мәтіндеріндегі негізгі мәселелер. Ежелгі Үндінің саяси ілімі. Брахманизм, буддизм. Ежелгі Қытайдың саяси ілімі. Конфуций, Мао-цзының көзқарастары.

Платонның жетілген мемлекет туралы теориясы. Аристотель ұсынған басқару түрлері классификациясының негіздері. Цицерон бойынша ең қолайлы мемлекеттік құрылыстың қағидалары.

Мұсылмандық әлеуметтік-саяси ойдың қалыптасуы мен дамуы. «Шариғаттың ұлықтылығы» тұжырымдамасы. Арабтық Шығыстың саяси ойы: аль-Фараби, ибн-Сина, ибн-Халдун.

Ортағасырлық христиан классиктері ілімдеріндегі саясаттың мәні: А.Августиннен Фома Аквинскийге дейін. Қайта өрлеу дәуіріндегі саяси ілім: Данте Алигьеридің әлемдік монархия тұжырымдамасы және Никкола Макиавелли іліміндегі басқару туралы ғылым ретіндегі саясат.

Жаңа дәуір саяси теорияларының әлеуметтік астары: Жан Боденнің суверен туралы ілімі; Томас Гоббстың саяси доктринасындағы сувереннің мәні және функциясы; Джон Локк теориясы бойынша суверен және билікті шектеу мәселесі; Ш.Монтескье ілімдегі саяси формалардың салыстырмалылығы.

Ж.Ж.Руссо қалыптастырған суверен туралы ілімнің радикалды нұсқасы. И.Кант пен Гегель доктриналарындағы мемлекетке қарсы азаматтық қоғам: азаматтық жағдайдың әлемдік сипаты (Кант) және «Құдайдың жерде болуы» ретіндегі абсолюттік мемлекет және «халық рухының» іске асуы (Гегель). Халықтық егемендіктің радикалды нұсқасын либералдық сынау: Бенжамен Констан және Франсуа Гизо. Француз революциясын радикалды демократиялық тәжірибесінің консервативті оппоненттері: Эдмунд Берк және Жозеф де Местр. Революцияның саяси теориясы: А де Токвильдің тәжірибесі.

Қазақ хандығы дәуіріндегі саяси көзқарастар: Тәуке хан, Әбілқайыр хан, Абылай хан. Қазақ ағартушыларының саяси көзқарастары: Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин. Абай Құнанбаевтың саяси көзқарастары. Қазақ хандығындағы би институты. XX ғ. басындағы Қазақстандағы саяси ой: А. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М.Дулатов, С. Сейфуллин. «Алаш» партиясы: еркіндік және тәуелсіздік мәселелері.

XIX ғ. ортасы мен аяғындағы саяси доктриналар: К.Маркстың таптық теориясына қарсы Дж. Ст. Милльдің либералдық демократия тұжырымдамасы. Саяси теорияның әлеуметтік негіздері: Огюст Конт, Герберт Спенсер, Эмиль Дюркгейм. Буржуазиялық

өркениетті анархиялық, жекелік тұрғыда жоққа шығару. Қазіргі батыс саясаттануының негізгі тұжырымдамалары.

3 тақырып. Саяси билік

Биліктің мәні мен мазмұны. Билік қатынастары түсінігі, олардың қажеттілігі мен ерекшелігі. Биліктің реляционистік тұжырымдамалары («қарсыласу», «ресурстармен алмасу» және «ықпал ету аймағын бөлу» теориялары), биліктің бихевиористік тұжырымдамасы, биліктің жүйелілік тұжырымдамалары. Биліктің субъектісі мен объектісі. Биліктің негізгі түрлері. Саяси биліктің айырықша белгілері. Билікті қолдану мәселелері.

Биліктің негізі мен ресурстары. Биліктің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, әкімшілік, күштеу, мәдени-ақпараттық негіздері. Ұйымдастырушылық, ынталандыру, мәжбүрлеу, нормативті ресурстары.

Қазіргі қоғамдағы билікті бөлу. Әлеуметтік және кәсіби топтар билікті өзіне тарту орталығы ретінде. XIX-XX ғ.ғ. топтардың динамикасы: аристократия, плутократия, охлократия, бюрократия, демократия, теократия, автократия, партократия, райтократия, технократия.

Биліктің тиімділігі мен легитимділігі. Биліктің мәні, негізгі белгілері және көрініс табу формалары. Қазіргі әлемдегі билік. Саяси легитимділік. Биліктің легитимділігі түсінігі. Биліктің беделі. Биліктің легитимділігі мен жариялылығы. М.Вебердің саяси легитимділік тұжырымдамасы. Дәстүрлі легитимділік. Харизматикалық легитимділік. Рационалды-құқықтық легитимділік. Бюрократия және билік. Биліктің тиімділігі азаматтардың оған сенім білдіру және қолдау көрсету факторы ретінде. Қазақстандағы биліктің легитимділігі мәселесі.

2 бөлім. Саяси институттар

4 тақырып. Саяси жүйелер. Саяси режимдер

Жүйелік тәсілдеменің негіздері. Саяси жүйе: түсінігі. Саяси жүйе қоғамның қосалқы жүйесі ретінде.

Саяси жүйелердің типологиясы: классификациялау көрсеткіштері.

Саяси жүйенің негізгі элементтері (қосалқы жүйелері): мемлекет, азаматтық қоғам, партиялық жүйе, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі, сайлау жүйесі және т.б.

Д.Истонның, Г. Алмондтың, Т. Парсонстың, К. Дойчтың саяси жүйе тұжырымдамалары.

Қазіргі кездегі қазақстандық қоғамның саяси жүйесі: қалыптасу ерекшелігі, негізгі қосалқы жүйелерінің ерекшеліктері, қызмет ету механизмдері.

Саяси режим саяси жүйенің функционалдық аспектісі ретінде. Саяси режимдер: түсінігі, құрылымдық элементтері, типологиясы.

Қазіргі кездегі саяси режимдердің негізгі түрлері: демократиялық, авторитарлық, тоталитарлық режимдер – сипаттамалары, классификациялау көрсеткіштері.

Өтпелі қоғамдағы саяси режимдер.

Тоталитарлық режим: белгілері, пайда болуының алғышарттары, түрлері, қызмет ету механизмдері. «Оңшыл» және «солшыл» тоталитарлық режимдер (ұлтшыл-социалистік және коммунистік режимдер): ұқсастығы және айырмашылығы.

Авторитарлық режим: белгілері, түрлері, қызмет ету механизмдері.

Демократия саяси режим ретінде: белгілері, түрлері, қызмет ету механизмдері. Полиархия Р. Даль) «Эмпирикалық» демократия. Тұрақты демократияның бар болу шарттары. Қауымдасқан демократия (А. Лейпхарт).

Өтпелі қоғамдағы демократия. «Делегаттық демократия» (Г.О.Доннелл).

Қазақстан Республикасындағы саяси режим: сипаттамалық белгілері, эволюциялық дамуының мүмкін бағыттары.

5 тақырып. Мемлекет саяси институт ретінде. Азаматтық қоғам

Мемлекеттің пайда болуы мен мәні. Саяси ой тарихындағы мемлекеттің пайда болуы, генезисі және мәні туралы тұжырымдамалар. Саяси ұйым және жария билік құралы ретіндегі оның айырықша белгілері. Мемлекеттің функциялары, олардың классификациясы мен дамуы.

Мемлекеттік биліктің ресурстары: түсінігі, классификациялау көрсеткіштері.

Қазіргі индустриалды және постиндустриалды қоғамдардағы мемлекеттік биліктің негізгі институттары. Заң шығарушы, атқарушы және сот биліктері –ара қатынастары.

Басқарудың қазіргі кездегі негізгі формалары: республика(парламенттік, президенттік, парламенттік-президенттік, президенттік-парламенттік), конституциялық/парламенттік монархия.

Мемлекеттік басқару жүйесіндегі бюрократия. Бюрократия теориясы. Тоталитарлық, авторитарлық және демократиялық режим жағдайындағы бюрократия. Өтпелі қоғамдағы бюрократия.

Қазіргі кездегі мемлекеттің саяси-территориялық құрылымының негізгі типтері. Унитарлық мемлекет, федерация, конфедерация: классификациялау көрсеткіштері және негізгі айырмашылықтары.

Құқықтық мемлекет – белгілері, бар болуының қажетті жағдайлары. Құқықтық мемлекеттегі құқық пен заң. Табиғи құқық түсінігі. Құқықтың ұлықтылығы қағидасы. Құқықтық және құқықтан тыс заңдар. Биліктің бөліну қағидалары. Шектеулер мен қарсы қою жүйесі.

Қазіргі кездегі Қазақстандағы мемлекет: негізгі даму үрдістері, тарихи дамудың әртүрлі кезеңдеріндегі билікті легитимдеудің тәсілдері, құқықтық мемлекетті қалыптастырудың келешегі.

Азаматтық қоғам: түсінігі, құрылымы, функциялары. Азаматтық қоғам және мемлекет - өзара қарым-қатынас мәселері.

Азаматтық қоғамның негізгі институттары – қызмет етуінің бағыттары мен формалары. Азаматтық қоғам институттары іс-әрекетінің интернационализациялануы.

Әлеуметтік мәселелерді, қоғамдық және топтық мүдделерді артикуляциялау үдерісіндегі азаматтық қоғам институттарының рөлі. Азаматтық қоғам құрылымдарының мүдделерді үйлестіру механизмі. «Электронды үкімет».

Мүдделі топтар: ұғымы, типологиясы.

Діни ұйымдар: қазіргі кездегі саяси өмірдегі рөлі.

Кәсіпкерлер одағы: қазіргі кездегі саяси өмірдегі рөлі.

Қазіргі кездегі мемлекеттердің саяси өміріндегі кәсіподақтар.

XIX ғ. және XX ғ. басындағы қоғамдық және саяси қозғалыстар. Олардың пайда болу себептері, мақсаттары, типтері, әрекет етулерінің сипаты, даму динамикасы.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары: қызметінің бағыттары, мемлекеттік билік органдарымен өзара қарым-қатынасы.

Қазақстандағы азаматтық қоғам: жетілмеу себептері, қазіргі жағдайы, құрылымы, даму мүмкіндіктері.

Қазіргі кездегі Қазақстандағы жергілікті өзін - өзі басқарудың даму мәселелері.
Қазіргі кездегі Қазақстанның саяси өміріндегі кәсіпкерлік ұйымдар.
Қазіргі Қазақстанның саяси өміріндегі діни ұйымдарының рөлі.

6. тақырып. Саяси партиялар және партиялық жүйелер

Саяси партиялар: белгілері, пайда болу себептері, қазіргі қоғамдағы функциялары.

Саяси партиялардың типтері: классификациялау көрсеткіштері.

Саяси партиялар электоратының құрылымы.

Партиялық жүйелер және оның түрлері. Дж. Сарторидың партиялық жүйелер типологиясы. Бірпартиялық жүйе, партия - гегемон жүйесі, үстем партия жүйесі, екі партиялық жүйе, көппартиялық жүйе. Көппартиялық жүйенің түрлері.

Партиялық жүйе және саяси тұрақтылық.

Қазіргі кездегі Қазақстандағы партиялық жүйе: қалыптасу ерекшеліктері, типтері, даму келешегі.

7 тақырып. БАҚ. Ғаламтор және саясат

БАҚ: ұғымы. Қазіргі кездегі қоғамның саяси өміріндегі БАҚ - тың рөлі: негізгі тұжырымдамалар. Қазіргі БАҚ - тың құрылымы. Электронды және «қағаз» БАҚ: өзара әсерінің сипаты. Саяси үдерістердегі БАҚ-тың функциялары. БАҚ және саяси әлеуметтену. БАҚ - тың қоғамдық пікірге әсері. БАҚ және қоғамдағы психологиялық жағдай. БАҚ және сайлау науқаны.

Тоталитарлық және демократиялық режимдердегі БАҚ. БАҚ-тың еркіндігінің саяси, экономикалық және мәдени шарттары.

Ғаламтор және саяси белсенділіктің жаңа формалары. Ғаламтор дамуының саяси үдерістер үшін мүмкін болатын салдарлары.

Қазақстанның саяси өміріндегі БАҚ және Ғаламтор.

8 тақырып. Саяси мәдениет қоғамның саяси жүйесінің элементі ретінде

«Саяси мәдениет» ұғымының пайда болуы мен тарихы. Саяси мәдениеттің мәні. Мәдениет жүйе ретінде. Мәдениеттің саясатқа әсері. Қазіргі кездегі саясаттағы өркениеттік факторлар. С. Хантингтонның «Өркениеттер қақтығысы» атты еңбегі.

Саяси мәдениет саясаттың субъективті мазмұны, рухани құбылыстардың жиынтығы ретінде (Г. Алмонд, С. Верба). Саяси мәдениет нормативтік талаптардың көрінісі ретінде. Саяси мәдениеттің міндеті мен функциялары: сәйкестендіру, бағдарлау, бейімдеу, әлеуметтендіру, біріктіру, байланыстыру.

Саяси мәдениеттің құрылымы. Саяси мәдениеттің типтері: патриархалдық, бағынышты, белсенділер саяси мәдениеті, этатистік және нарықтық саяси мәдениет. Қазіргі кездегі қазақстандық қоғамның саяси мәдениеті.

Идеология саяси мәдениеттің бір бөлігі ретінде. Қазіргі кездегі әлемдегі негізгі идеологиялық ағымдар. Либерализм және неолиберализм. Консерватизм және неоконсерватизм. Социализм. Ұлттық идеология. Қоғамда саяси идеологияны жүзеге асыру механизмдері.

3 бөлім. Саяси үдерістер

9 тақырып. Саяси үдерістердің жалпы сипаттамасы

Саяси үдеріс: ұғымы, құрылымы, түрлері. Саяси үдерістердің типологиясы.

Саяси үдеріс жалпы саяси жүйенің динамикасы ретінде («макросаяси» үдеріс). Саяси үдерістің түбегейлі өзгеруі: сипаты, қарқыны, тереңдігі, траекториясы. Саяси институттардың күрделілігінің өзгеруі, мамандануы және жіктелуі. Саяси жүйенің динамикасы және саяси тұрақтылық.

Саяси үдеріс саясат субъектілерінің өзара әрекеті ретінде(микросаяси үдеріс). Қазақстандағы саяси үдерістердің динамикасы.

Саяси бәсеке және оның саяси үдерістердегі рөлі. Саяси бәсекенің түрлері. Әртүрлі саяси режимдердегі саяси бәсекенің ерекшелігі. Экономикалық және саяси бәсекенің арасындағы байланыс. Қысым көрсету топтары саяси күш ретінде: ұғымы, белгілері, саяси өмірдегі рөлі. Лоббизм: түрлері, технологиялары, тәжірибесі. Лоббизм және бәсекелестік.

Жаһандану жағдайындағы ішкі саяси үдерістер. Халықаралық факторлардың ішкі саяси үдерістерге әсері. Саяси тәуекелділік: ұғымы. Саяси тәуекелділіктің түрлері (қоғамдық өмірдің басқа салалары тарапынан туындайтын саяси салаға деген тәуекелділік; саяси сала тарапынан туындайтын экономика, қауіпсіздік пен қоғамдық өмірдің басқа салаларына деген тәуекелділік, саяси саланың өзімен байланысты оған деген тәуекелділік). Тәуекелділіктің бастаулары, деңгейі. Қазіргі кездегі Қазақстандағы саяси тәуекелділіктер.

10 тақырып. Саясаттағы тұлға

Саяси әлеуметтену: мазмұны, механизмдері, кезеңдері. Саяси әлеуметтенудің үлгілері.

Әртүрлі қоғамдардағы, мәдениеттердегі, саяси режимдердегі саяси әлеуметтенудің ерекшелігі.

Саяси позициялар (консерватизм, радикализм, экстремизм).

Саяси тәртіп: ұғымы, типтері. Конформизм және нонконформизм. Нормативтік және девианттық тәртіп. Саяси белсенділік және абсентеизм.

Саяси қатысу және оның түрлері. Саяси тәртіптер және саяси позициялар: арақатынастары.

Саяси белсенділіктің деңгейі. Саяси белсенділіктің/абсентеизмнің деңгейіне әсер ететін факторлар. Сенім (билік институттарына, саяси көшбасшыларға, қоғамдық институттарға, ұжымдық әрекеттерге және т.б.) саяси белсенділік факторы ретінде. Сананың саясаттануы және саясатсыздануы: ұғымы, себептері, саяси белсенділік деңгейіне әсері.

Электоралдық тәртіп саяси тәртіптің элементі ретінде. Электоралдық ұйғарымды анықтайтын факторлар.

Сайлаушының саяси біліктілік мәселесі және демократиялық қоғамдағы саяси белсенділіктің ұтымды деңгейі.

Адам құқығы. Қазіргі кездегі адам құқықтары жөніндегі көзқарастар жүйесіндегі саяси құқықтар.

Адам құқықтары жөніндегі ең маңызды құқықтық актілер. XVII – XVIII ғғ. маңызды құжаттарға жалпы сипаттама: Құқықтар туралы Билль және тақ мұрагерлігі туралы Акт(Англия, 1689 және 1701); Адам және азамат құқықтары Декларациясы (Франция, 1789); Құқықтар туралы Билль– Конституцияға алғашқы 10 түзету(АҚШ, 1791). XX ғасырдың негізгі құжаттарына жалпы сипаттама: адам құқықтары туралы Халықаралық билль; Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі Кеңестің Қорытынды актісі (1975); адам құқықтары және негізгі бостандықтары туралы Еуропалық конвенция.

Саясаттағы тұлға: қазіргі кездегі Қазақстандағы жағдай.

1985-2005жж. Ресей азаматтарының саяси тәртібі: сипаты, саяси белсенділігінің динамикасы.

Посткоммунистік Қазақстандағы электоралдық тәртіптің ерекшеліктері: электоралдық белсенділік пен электоралдық ұйғарымның динамикасы, электоралдық ұйғарымды анықтайтын факторлар.

11 тақырып. Біліктің әлеуметтік ұстанушылары: элита және саяси көшбасшылар

Элитаның классикалық теориясы: Г. Моска, В. Парето, Р. Михельстың тұжырымдары. Саяси элиталар: ұғымы, функциялары. Саяси элитаның қазіргі заманғы теориялары. Элитаның негізгі белгілері.

Әлеуметтік стратификация және әлеуметтік мобильділік тіліндегі элита. Әртүрлі мәдениеттер, қоғамдар мен саяси режимдердегі элитаның ашықтық /жабықтық деңгейі. Әртүрлі элиталардың көптүрлілігі, салыстырмалылығы және қилысуы. Саяси элита: іріктеу және қалыптастыру механизмі; құлдырау факторлары.

Демократиялық қоғамдағы элита. Й. Шумпетер мен Р. Дальдің тұжырымдамалары. Саяси және экономикалық элиталардың өзара әрекеті.

Саяси элитаның біліктілігі мәселесі.

Қазіргі кездегі Қазақстанның саяси элитасы: қалыптасу механизмі, көрсеткіштері, іріктеу жолдары және механизмдері, сапасы.

Саяси көшбасшылық: табиғаты, мазмұны, ұғымы. Көшбасшылық теориялары.

Саяси көшбасшылардың типологиясы, классификациялау көрсеткіштері. Тоталитарлық, авторитарлық және демократиялық режимдер жағдайындағы саяси көшбасшылар. Плебисцитарлық демократия.

Тұрақты және тұрақсыз (өтпелі) қоғамдардағы саяси көшбасшылық.

Қазақстандағы саяси көшбасшылықтың ерекшелігі: көшбасшылықтың типі, сипаттамалық белгілері.

12 тақырып. Саяси сана

Саяси сананың ұғымы, мазмұны және функциялары. Саяси сананы зерттеудегі бихевиористік және аксиологиялық тәсілдемелер. Қалыптастыру жолдары. Саяси позициялар (айқындамалар).

Саяси сананың құрылымы. Көпшілік, топтық және индивидуалды-дара саяси сана. Қарапайым және ғылыми - теориялық саяси сана.

Саяси сананың құрамдас бөліктері. Саяси ұстанымдар. Саяси құндылықтар. Саяси бірегейлену және оның қалыптасуы. Саяси бірегейлену типтері. Саяси мифтер.

Саяси менталитет. Менталдық. Менталитет және ұлттық мінез-құлық. Саяси менталитеттің қалыптасу ерекшеліктері.

Саяси сана және қоғамдық пікір: ара-қатынасы. Қоғамдық пікірдегі «саяси» және «саяси еместін» бір-біріне әсер етуі. Әртүрлі саяси режимдердегі қоғамдық пікірдің саясилену деңгейі.

Жалпы қоғамның және әртүрлі әлеуметтік топтардың саяси санасына ықпал ететін негізгі әлеуметтік, демографиялық, мәдени және психологиялық факторлар.

Саяси төзімділік/төзімсіздік қоғамның психологиялық ахуалының элементі ретінде: көрініс табу формалары, индикаторлары.

Саяси мифтер: құрылымы, саяси өмірдегі рөлі.

Саяси рәміздер: типологиясы. Саяси сана құрылымындағы саяси рәміздердің рөлі.

Қоғамдық және саяси идеалдар: мазмұны және әртүрлі қоғамдармен идеологияларда кеңістік-уақыт шеңберінде оқшаулануы.

Қазіргі кездегі қазақстандық қоғамдағы саяси сана.

Қазіргі кездегі қазақстандық қоғамдағы саяси идеалдар.

13 тақырып. Саяси қақтығыстар. Саяси дағдарыстар. Саяси зорлық-зомбылық

Саяси қақтығыстар: ұғымы, құрылымы, динамикасы, реттеу мен шешу механизмдері.

Саяси қақтығыстардың түрлері. Саяси қақтығыстардың көлемі, қарқындылығы, ұзақтығы. Институцияланған және институцияланбаған саяси қақтығыстар.

Әлеуметтік, экономикалық және саяси қақтығыстар—олардың арақатынастары.

Әртүрлі мәдениеттер мен саяси режимдердегі саяси қақтығыстар. Тоталитарлық, авторитарлық және демократиялық режимдердегі саяси қақтығыстар.

Саяси дағдарыстар: ұғымы, пайда болу себептері, типологиясы. Саяси дамудың дағдарыстары.

Саяси зорлық-зомбылық. Қоғамның саяси ахуалы және саяси зорлық-зомбылық. Саяси зорлық-зомбылықтың қазіргі заманғы теориялары.

Саяси зорлық-зомбылық және саяси экстремизм. Терроризм.

Мемлекеттік төңкерістер, бүліктер, революциялар.

14 тақырып. Жаңғырту. Саяси жаңғырту. Демократиялық транзит

Қоғамды жаңғырту: ұғымы, мазмұны, алғышарттары, акторлары, бағыты, үлгілері. Жаңғыртудың көрсеткіштері. Дәстүрлі қоғамдар. Өтпелі қоғамдар. Қазіргі заманғы қоғамдар.

Қоғамды саяси жаңғырту: ұғымы, мазмұны, алғышарттары, бағыты, үлгілері.

«Өтпелі қоғамдар». Демократиялық транзит: ұғымы және үлгісі.

Тоталитаризмнен демократияға өту. Әртүрлі посткоммунистік қоғамдарда тоталитаризмнен демократияға өту ерекшеліктері. Р. Дарендорфтың «Бостандыққа жол» еңбегі.

Сайлау жүйелерінің негізгі типтері: пропорционалды, мажоритарлы, аралас. Классификациялау көрсеткіштері.

Қазақстандағы саяси жаңғырту/ демократиялық транзит: мазмұны, ерекшелігі, қарқыны, мүмкіндіктері.

Электоралдық және партиялық жүйелердің өзара әрекеті. М. Дюверженің заңдары. Сайлау жүйелері мен басқару формасының өзара әрекеті (М. Уоллерстайн бойынша).

4 бөлім. Ұлттық үдерістер. Этносаяси қақтығыстар

15 тақырып. Ұлттық үдерістер және қазіргі әлемдегі этносаяси қақтығыстар

Қазіргі кездегі саясаттану мен саяси практикадағы ұлт және этнос ұғымы. Көпұлтты қоғамдардағы ұлттық үдерістер.

Ұлтшылдық, расизм, саяси төзімсіздік, саяси экстремизм: саяси доктриналардағы, идеологиялардағы, көпшілік санадағы өзара байланыстары. Апартеид.

Этносаяси қақтығыстар: типологиясы, шешу механизмдері. Қазіргі әлемдегі әртүрлі ұлттық қауымдастықтардың өзара әрекет ету үлгілері: «қайнаған қазан» («плави́льный котел»), мәдени плюрализм, «мультимәдениеттілік» және т.б.

Қазіргі әлемде расизмнің, ұлтшылдықтың және антисемитизмнің көтерілу себептері. АҚШ, Еуропа елдері, Үшінші әлемдегі әртүрлі саяси идеологиялар мен көпшілік санасындағы ұлтшылдық. Қазіргі әлемде этносаяси қақтығыстардың шиеленісуі.

Қазіргі кездегі расизм мен ұлтшылдықтағы діни фактор. Ислам фундаментализмі. Ұлттық үдерістер және посткеңестік кеңістіктегі этносаяси қақтығыстар. Қазіргі Қазақстандағы ұлттық үдерістер. Көпұлтты және көпконфессионалдық жағдайдағы Қазақстан мемлекетінің ұлттық саясаты.

5 бөлім. Саяси технологиялар

16 тақырып. Саяси менеджмент

Саяси менеджмент теориясы: пәні және әдіснамасы. Саяси менеджменттің түрлері. Саяси менеджменттегі коммуникация және оның түрлері. Саяси слогандар. Саяси менеджменттегі уәждемені басқару. Дағдарысты жағдайларды басқару.

17 тақырып. Саяси кампаниялар

Саяси кампания басқару қатынастарының түрі ретінде.

Саяси кампаниялардың стратегиясы, тактикасы, кезеңдері, ресурстары және оларды жоспарлау. Саяси кампания және құрылымдау үдерістері. Сегментациялаудың кластерлық қағидалары. Адрестік топтар. Саяси кампаниялардағы манипуляция: мақсаты, әдіс-тәсілдері. Сайлау кампанияларының технологиясы: стратегиясы, тактикасы, кезеңдері. Сайлау кампанияларды қаржыландыру. Саяси имидж: мазмұны және қалыптастыру технологиясы.

18 тақырып. Қоғаммен байланыс

Қазіргі саяси ғылымдағы PR. PR- іс-әрекетінің құрылымы мен технологиясы. PR- іс-әрекетін стратегиялық жоспарлау. Саяси және әлеуметтік жарнама: эволюция, түрлері, технологиялары. PR- жобалардағы модульдік технологиялар. PR -дің процедуралық технологиялары. Фасилитация. Мемлекеттік билік органдарындағы PR. Коммерциялық құрылымдардағы PR. Мамандырылған PR- қызмет. Дағдарыс кезіндегі PR.

19 тақырып. Саяси маркетинг

Саяси нарықта маркетингтік жұмысты ұйымдастырудың әдістемесі мен формасы. Масс-медийлік нарықтағы маркетингтік жұмыс. Спонсоринг Фанд-рейзинг. Инвестициялар тарту.

20 тақырып. Саяси кеңес беру

Саяси кеңес беру және оның түрлері. Қазіргі кездегі саясаттағы саяси кеңес берудің рөлі. Кеңес беру үдерісінің кезеңдері.

6 бөлім. Саяси талдау және болжамдар

21 тақырып. Саяси талдау: негізгі ұғымдары

Саяси талдауды анықтаудағы тәсілдемелер. Саяси талдаудың негізгі түрлері: классификациялау көрсеткіштері. Қолданбалы саяси талдау. Саяси талдаудың негізгі тапсырыс берушілері және тұтынушылары. Талдаудың ғылыми өнімнен айырмашылығы.

Саяси талдаудың субъектілері. Талдау орталықтары: негізгі типтері. Саяси талдаушының кәсіби дағдылары. Талдау жұмысының этикасы.

22 тақырып. Саяси үдерістерді талдау және болжау

Саяси үдерістерді талдаудың мазмұнды бағыттары. Электоралдық талдау: негізгі мақсаттары, қағидалары, типтік тапсырмалары. Аймақтық саяси талдау: негізгі мақсаттары, типтік тапсырмалары. Медиа талдау: негізгі мақсаттары, типтік тапсырмалары.

Талдаудың әдістері және саяси үдерістерді болжау: жалпы сипаттама. Талдаудың негізгі қиындықтары және саяси үдерістерді болжау. Саяси болжау ұғымы. Саяси болжамның саяси жобалаудан айырмашылығы. Нормативті (мақсатты) және іздеуші болжамдар.

Саяси үдерістерді талдау және болжау үшін қажетті ақпарат жинаудың бастаулары мен әдістері. Ақпарат жинаудың әлеуметтік әдістері. Мәліметтерді контент -талдау.

Сараптамалық бағалаудың топтық тікелей әдісі. Миға шабуыл: кезеңдері, сарапшылардың құрамы. Миға шабуылды жүзеге асыру әдістемесі және табысты болу шарттары. Синектика. Сараптамалық бағалаудың топтық сырттай әдісі. Дельфи әдісі.

Талдау мен болжаудың сандық және сапалы әдістері. Саяси үлгілеу. Үлгілердің түрлері. Саяси талдау мен болжаудағы статистикалық әдістер және математикалық үлгілер. Дисперсиондық, регрессивтік, факторлық, кластерлік талдау. Event analysis саяси үдерістер мен оқиғаларды құрылымдау әдісі ретінде.

Саяси үдерістерді талдау мен болжаудағы желілік талдау (графалар, ойындар және т.б. теориялары). Саяси болжаудың уақыттық көкжиегі: ұзақ, орта және қысқа мерзімді болжамдар. Болжамдаудың әдістері. Болжамдаудың типі мен әдісін анықтайтын факторлар. Ұзақ, орта және қысқа мерзімді болжауда қолданылатын әдістер.

Саяси үдерістерді болжамдаудың сценарилік және трендтік әдістері. Сценарлық әдістің пайда болу себептері, оның негізгі қолдану саласы, сценарийлерді құрудың әдістемесі.

7 бөлім

23 тақырып. Жаһандану дәуіріндегі әлемдік саясаттың үрдістері

Әлемдік саясаттың мәні мен қағидалары: әлемдік саясаттың объектісі, пәні мен субъектісі; әлемдік саясат пен халықаралық қатынастардың негізгі теориялары мен қағидалары, сыртқы саясат және оның әлемдік саясатпен өзара байланысы.

Глобалистика ХХІ ғ. үрдісі, парадигма және сын-қатері ретінде: қазіргі кездегі жаһандық мәселелерді зерттеудің теориялық аспектілері; жаһандану дәуірінде жаңа әлемдік тәртіпті қалыптастырудың өзекті мәселелері, жаһандану қауымдастықтағы әлемдік саясаттың рухани және этикалық негіздері, әлемдік саясаттағы геосаясаттық тәсілдеменің теориялық негіздері, қазіргі кездегі халықаралық қақтығыстарды талдау мен зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері.

Жаһандық әлемдегі Қазақстанның сыртқы саясатының басымдылықтары мен бағыттары: Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының бағыттары мен қағидалары; Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері мен сыртқы саясат. Қазақстан Республикасының көпвекторлы сыртқы саясатының тұжырымдамасы. Қазақстан Орталық Азиядағы тұрақтылық орталығы ретінде. Қазақстан және ЕЫҚҰ (ОБСЕ): жағдайы және келешегі. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2015 ж. 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» деген Жолдауының негізгі бағыттары.

Әдебиеттер

1. Оқулықтар және оқу құралдары

1.1. Негізгі әдебиеттер

1. Абсаттаров Р.Б. Саясаттану негіздері. 2-томдық.- Алматы, 2011.
2. Гаджиев, К. С. Политология: краткий курс лекций. -2-е изд., перераб. и доп. -М.: Издательство Юрайт, 2016.-214 с.
3. Гаджиев, К. С. Введение в политическую теорию: учебник для академического бакалавриата. -М.: Издательство Юрайт, 2015. -367 с.
4. Мухаев, Р. Т. Политология. В 2 ч. Часть 1 и 2: учебник для академического бакалавриата. -5-е изд., перераб. и доп. -М.: Издательство Юрайт, 2016. - 326 с.
5. Михайлова О. В. Сравнительная политология: учебник и практикум для академического бакалавриата.- М.: Издательство Юрайт, 2015. -309 с.
6. Пушкарева, Г. В. Политология: учебник и практикум для академического бакалавриата.- М.: Издательство Юрайт, 2016. — 295 с.
7. Тимерманис, И. Е. Политология : учебник для бакалавров / под ред. И. Е. Тимерманиса.- М.: Издательство Юрайт, 2017. — 701 с.
8. Василенко И. А. Политическая философия: учебник для бакалавров и магистров.- 3-е изд., перераб. и доп. - М.: Издательство Юрайт, 2016. — 424 с.
9. Елисеев С. М. Политическая социология: учебник и практикум для академического бакалавриата.- М.: Издательство Юрайт, 2017. — 412 с.
10. Соловьев А.И. Политология: Политическая теория, политические технологии: Учебник для студентов вузов. – М., 2007.

1.2. Қосымша әдебиеттер

1. Пушкарева Г. В. Политический менеджмент : учебник и практикум для академического бакалавриата.-М. : Издательство Юрайт, 2015. - 365 с.
2. Туронок С. Г. Политический анализ и прогнозирование: учебник для бакалавриата и магистратуры.- М.: Издательство Юрайт, 2016. - 291 с.
3. Батюк В. И. Мировая политика: учебник для академического бакалавриата. - М.: Издательство Юрайт, 2016. - 256 с.
4. Ачкасов В. А. Этнополитология: учебник для бакалавров.-2-е изд., перераб. и доп.- М.: Издательство Юрайт, 2016. - 495 с.
5. Боровик В. С. Основы социологии и политологии: учеб. пособие для вузов.-М.: Издательство Юрайт , 2014. -447 с.
6. Дробот, Г. Л. Мировая политика: учебник для бакалавров / -М.: Издательство Юрайт, 2016. — 476 с.
7. GR и лоббизм: теория и технологии: учебник и практикум для бакалавриата и магистратуры / под ред. В. А. Ачкасовой, И. Е. Минтусова, О. Г. Филатовой. - М.: Издательство Юрайт, 2016.-315 с.
8. Светлов С.А., Семенов В.А. Конфликтология. Учебное пособие. – Санкт-Петербург: Питер, 2011.
9. Пряхин, В. Ф. Россия в глобальной политике: учебник и практикум для академического бакалавриата.- М.: Издательство Юрайт, 2016.- 425 с.

10. Исаев Б.А. Теория партий и партийных систем : учеб. пособие для студентов вузов. – М.: Аспект Пресс, 2008.
11. Никифоров Ю.Н. Политические партии современной России: эволюция многопартийности и статуса партии. Монография, - Уфа: БГУ, 2008.
12. Тавокин Е.П. Исследование социально-экономических и политических процессов: учебное пособие.-М.: Инфра, 2008 - 188 с.
13. Пикулькин А.В. Система государственного управления: учебное пособие / А.В. Пикулькин. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2007. – 639 с.
14. Марченко М.Н. История политических и правовых учений: учебное пособие / М.Н. Марченко, И.Ф. Мачин.- М. : Проспект, 2007. - 468 с.
Мухаев Р.Т. Геополитика : учебник. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2007. - 623 с.
15. Кара-Мурза С.Г. Манипуляция сознанием: политический бестселлер. - М. : Эксмо: Алгоритм, 2007. - 863 с.
16. Кожев А. Понятие власти. - М.: Проспект, 2007. - 182 с.
17. Марченко М.Н. История политических и правовых учений : учебное пособие. - М. : Проспект, 2007. - 468 с.
18. Чанышев Т.А. История политических учений : учебник / Т.А. Чанышев. - М. : ТК Велби : Проспект, 2007. - 591 с.
19. Акмалова А. А. Политология: учебное пособие : по дисциплине "Политология" для студентов высших учебных заведений / под ред. В. М. Капицына, В. К. Мокшина, С. Г. Новгородцево. – М.: Дашков и К , 2012.
20. Буренко В. И. Политология: учебник по дисциплине "Политология" для студентов высших учебных заведений / под ред. В. И. Буренко.-Москва: КноРус, 2013.
21. Фобьянчук А. А. Особенности политического менеджмента в социальной среде. Материалы III Всероссийского социологического конгресса. Москва 21-24 октября 2008г. (Электронная версия).
22. Современные методы исследования политической науки. -Харьков, 2009.
23. Зотов В.Д., Зотова Л.В. история политических учений. - М., 2010.
24. Александров И.П. Политическая система и ее проблемы. - Воронеж, 2010.
25. Сергеев А.П. Элита и общество.- Саратов, 2010.
26. Мирский Г.С. Социальные процессы: теоретико-методологический анализ.- М. 2010.
27. Белоусов А.П. Социально-политические отношения. -Уфа, 2010.
28. Буев Н.П. Формы общественного сознания.- Новосибирск, 2010.
29. Исаев С.Г. Культура личности.- СПб., 2010.
30. Аршинов В.И. Социализация личности. - М., 2010.
31. Политические процессы. Сборник.- Уфа, 2010.
32. Симуш В.С. Глобальные проблемы современного мира.- Новосибирск, 2010.
33. Григорьев М.С. Актуальные проблемы средства массовой информации// Политическая коммуникация. Сборник.- СПб., 2010.
34. Эбсаттаров Р.Б., Эуелгазина Т.Қ. Қазақстандықтардың саяси әлеуметтенуі: сипаты мен жолдары. -Алматы, 2010
35. Сергеев В.М. Исторические истоки русской политической культуры// Полис. Политические исследования. №4. 2012.
36. Ильин А.И. Интернет как альтернатива// Полис. Политические исследования. №4. 2012.
37. Кольшаков А.Г. Наша политическая трансформация: завершение или наука. // Полис. Политические исследования. №2. 2013.

38. Тургаев А.С. Государство, управление и власть.- СПб.,2010.
39. Рыбаков С.П. Политическая идеология.- Казань, 2010.
40. Шестопап Е.Б. Политическая психология: Учебник для вузов.-М.: ИНФРА-М, 2007.

2. Антологиялар, ғылыми монографиялар, мақалалар

2.1. Негізгі әдебиеттер

1. Антология мировой политической мысли. В пяти томах. – М.: «Мысль», 1997. Т.2
2. Горшков М.К. Российское общество в условиях трансформации: мифы и реальность (социологический анализ). 1992-2002 гг. – М.: РОССПЭН, 2003.
3. Даль Р.А. Полиархия, плюрализм и пространство. <http://kant.narod.ru/dahl.htm>
4. Даль Р.А. Проблемы гражданской компетентности. http://www.philder.univ.kiev.ua/polit/dal_2.htm
5. Дегтярев А.А. Политический анализ как прикладная дисциплина: предметное поле и направления разработки // Полис, 2004, № 1. с. 154-168.
6. Кастельс М. Информационная эпоха: экономика, общество и культура. – М.: ГУ ВШЭ, 2000.
7. О'Доннелл Г. Делегативная демократия. <http://www.russ.ru/antolog/predely/2-3/dem01.htm>
8. Сморгунув Л.В. Сетевая методология исследования политики. <http://politanalysis.narod.ru/smorgunov2.html>
9. Тишков В.А. Общество в вооруженном конфликте (этнография чеченской войны). – М.: Наука, 2001.
10. Хантингтон С. Политический порядок в меняющихся обществах. – М.: Прогресс-Традиция, 2004.

2.2. Қосымша әдебиеттер

1. Даль Р.А. О демократии.– М.: Аспект Пресс, 2000.
2. Дарендорф Р. Современный социальный конфликт. Очерк политики свободы. – М.: РОССПЭН, 2002.
3. Дербишайр Д. Денис, Дербишайр Я. Политические системы мира: в 2-х томах. – М.: РИПОЛ КЛАССИК, 2004.
4. Джус И.В. Политические риски: оценка, анализ и управление. – М.: ИМЭМО РАН, 2004.
5. Дубровина Е.П., Зотова З.М. Партии и выборы: опыт избирательных кампаний 2003-2004 годов. – М.: РЦОИТ, 2005
6. Крыштановская О. Анатомия российской элиты. – М.: Захаров, 2005.
7. Левада Ю. От мнений к пониманию. Социологические очерки 1993-2000. – М.: Московская школа политических исследований, 2000.
8. Липпман У. Общественное мнение. – М.: Ин-т Фонда «Общественное мнение», 2004.
9. Маклюэн Г.М. Понимание Медиа: Внешнее расширение человека. – М.; Жуковский: «Канон – пресс Ц», «Кучково поле», 2003.

10. Ньюсом Д. и др. Все о PR. Теория и практика публичных релейшнз. – М.: 2001.
11. Парсонс Т. Система современных обществ. – М.: Аспект Пресс, 1977
12. Плотинский Ю.М. Модели социальных процессов. – М.: Логос, 2001.
13. Равен Дж. Компетентность в современном обществе. Выявление, развитие и реализация. – М.: «Когито-Центр», 2002.
14. Сморгунюв Л.В. Современная сравнительная политология. – М.: РОССПЭН, 2002. Гл. 4 «Политические сети и сравнительная политология», с. 95-113.
15. Уоллерстайн М. Избирательные системы, партии и политическая стабильность // Полис, 1992, N 5-6.
16. Эйзенштадт Ш. Революция и преобразование обществ. Сравнительное изучение цивилизаций. – М.: Аспект Пресс, 1999.
17. Ясин Е.Г. Приживется ли демократия в России. – М.: Новое издательство, 2005.
18. Махнач В.Л., Елишев С.О. Политика. Основные понятия. М.2005
19. Николаев А.С. История тоталитаризма. СПб., 2010
20. Назавренко С.И. Социально-политические науки. Киев, 2010
21. Соловьев С.А. Партийная система. Казань, 2010
22. Закирова Л.М. Внешнеполитический прогресс// Полис. Политические исследования. №4, 2012.
23. Э. Де Фреде Культура, цивилизация и идентичность.// Полис. Политические исследования. №5. 2013.